

Түркістан облысы Созақ ауданында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 7 қарашада № 62 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32894 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес қос беріліп отырған Түркістан облысы Созақ ауданында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Түркістан облысы Созақ ауданында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы

О.Жәмиев

Созақ аудандық мәслихаттың
2023 жылғы 7 қарашадағы
№ 62 шешіміне қосымша

Түркістан облысы Созақ ауданында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Түркістан облысы Созақ ауданында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32894 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді

және Созақ ауданы тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібін белгілейді.

2. Осы қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық бөлек жиыны – ауыл, кент, ауылдық/кенттік округ, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы;

2) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы.

2-тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағы учаскелерге (ауылдар, шағын аудандар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Ауылдың, кенттің және ауылдық округтің әкімі ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын шақырады және өткізуді ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған кезде көппәтерлі үйдің бөлек жиындары жүргізілмейді.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастықтың халқын ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді.

7. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашудың алдында тиісті ауылдың, кенттің, шағын ауданның, көшенің, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуына жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, кентте, шағын ауданда, көшеде, көппәтерлі үйде тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

9. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, кент, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Созақ аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының қатысушылары ұсынады.

10. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Егер жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында дауыс беру кезінде қатысушылардың дауыстары тең бөлінген жағдайда, бөлек жиынның төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды және бөлек жиын өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жиын хатшысы тіркеу үшін ауыл, кенттің, ауылдық округ әкімінің аппаратына береді.

Жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналысында хаттама жүргізіледі, онда:

1) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының өткізілген күні мен орны;

2) тиісті аумақта тұратын және жергілікті қоғамдастық жиынына немесе жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;

3) қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізім;

4) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Созақ аудандық мәслихаттың
2023 жылғы 7 қарашадағы
№ 62 шешіміне 2 қосымша

Түркістан облысы Созақ ауданында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы 1. Жартытөбе ауылдық округі

			Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін
--	--	--	--

Ауыл атауы	Халық саны	Халық санына барабар айқындау	ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы
Жартытөбе	1639	10 мың халыққа дейін – 5-10 өкілден	8
Аққолтық	1225	10 мың халыққа дейін - 5-10 өкілден	5
Бабата	1098	10 мың халыққа дейін– 5-10 өкілден	5

2. Құмкент ауылдық округі

Ауыл атауы	Халық саны	Халық санына барабар айқындау	Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы
Құмкент	2286	10 мың халыққа дейін - 5-10 өкілден	8
Қызылкөл	767	10 мың халыққа дейін 5-10 өкілден	5
Қызылқанат	639	10 мың халыққа дейін 5-10 өкілден	5

3. Шолаққорған ауылдық округі

Ауыл атауы	Халық саны	Халық санына барабар айқындау	Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы
Шолаққорған	13824	10-15 мың халық – 11-15 өкілден	15
Теріскей	2914	10 мың халыққа дейін - 5-10 өкілден	5
Жеткіншек	523	10 мың халыққа дейін - 5-10 өкілден	5
Абай	502	10 мың халыққа дейін - 5-10 өкілден	5
Балдысу	331	10 мың халыққа дейін - 5-10 өкілден	5
Қарабұлақ	209	10 мың халыққа дейін - 5-10 өкілден	5

4. Таукент кенті

--	--	--	--

Ауыл атауы	Халық саны	Халық санына барабар айқындау	Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы
Таукент	8105	10 мың халыққа дейін 5-10 өкілден	10

5.Сызған ауылдық округі

Ауыл атауы	Халық саны	Халық санына барабар айқындау	Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы
Қозмолдақ	1766	10 мың халыққа дейін-5-10 өкілден	8
Қайнар	1162	10 мың халыққа дейін – 5-10 өкілден	5
Сызған	848	10 мың халыққа дейін – 5-10 өкілден	5
Басбұлақ	386	10 мың халыққа дейін –5-10 өкілден	5

6.Созақ ауылдық округі

Ауыл атауы	Халық саны	Халық санына барабар айқындау	Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы
Созақ	6110	10 мың халыққа дейін - 5-10 өкілден	5
Шақырық	2907	10 мың халыққа дейін - 5-10 өкілден	5
Көктөбе	900	10 мың халыққа дейін -5-10 өкілден	5
Ыбырай	743	10 мың халыққа дейін -5-10 өкілден	5

7.Қаракүр ауылдық округі

Ауыл атауы	Халық саны	Халық санына барабар айқындау	Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше,

			көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы
Қаракұр	2362	10 мың халыққа дейін - 5-10 өкілден	5
Раң	432	10 мың халыққа дейін - 5-10 өкілден	5
Шаға	513	10 мың халыққа дейін - 5-10 өкілден	5

8.Қаратау ауылдық округі

Ауыл атауы	Халық саны	Халық санына барабар айқындау	Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы
Бақырлы	1351	10 мың халыққа дейін – 5-10 өкілден	8
Ақсүмбе	502	10 мың халыққа дейін – 5-10 өкілден	5
Саржаз	318	10 мың халыққа дейін - 5-10 өкілден	5

9.Тасты ауылдық округі

Ауыл атауы	Халық саны	Халық санына барабар айқындау	Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы
Тасты	1390	10 мың халыққа дейін – 5-10 өкілден	8
Қылти	160	10 мың халыққа дейін – 5-10 өкілден	5

10.Шу ауылдық округі

Ауыл атауы	Халық саны	Халық санына барабар айқындау	Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы
Шу	672	10 мың халыққа дейін– 5-10 өкілден	7

11.Жуантөбе ауылдық округі

Ауыл атауы	Халық саны	Халық санына барабар айқындау	Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы
Жуантөбе	2021	10 мың халыққа дейін 5-10 өкілден	8

12. Қыземшек кенті

Ауыл атауы	Халық саны	Халық санына барабар айқындау	Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы
Қыземшек	4177	10 мың халыққа дейін 5-10 өкілден	8
Тайқоңыр	670	10 мың халыққа дейін 5-10 өкілден	5